

**Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 шілде N 836. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.14. N 416 қаулысымен.

Орталық Азия Мемлекеттер басшыларының Арал теңізі проблемалары жөнінде 2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында қабылдаған шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан мына өкілетті өкілдер жіберілсін:

Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімов;

Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне:

Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы филиалының Атқарушы дирекциясының директоры Алмабек Нұрышұлы Н ұ р ы ш е в ;

Ғаламдық экологиялық қор жобасы Компонентінің директоры Медет О с п а н ұ л ы О с п а н о в ;

Халықаралық, Аралды құтқару қорының Тексеру комиссиясына - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитетінің төрағасы Федор Федорович Сутулов .

2. Қазақстан Республикасынан жіберілген мына өкілетті өкілдер кері қ а й т а р ы л с ы н :

Владимир Сергеевич Школьник - Халықаралық Аралды құтқару қорының б а с қ а р м а с ы н а н ;

Эдуард Карлович Өтепов - Халықаралық Аралды құтқару қорының Тексеру к о м и с с и я с ы н а н .

3. Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөздер жүргізуге және тиісті мәселелер бойынша құжаттарға қол қоюға өкілеттік берілсін .

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы" 1999 жылғы 17 қарашадағы N 1734 және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 17 қарашадағы N 1734 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2001  
жылғы 9 қарашадағы N 1429  
қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК